

**6D080100 - «Агрономия» мамандығы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Алимбекова Нургул
 Аманбаевнаның «Зәйтүн (*Olea europaea L.*) ағашын Оңтүстік Қазақстан жағдайында
 бейімдеу және өсіру технологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
 ресми рецензенттің пікірі**

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс ғылымның дамуының басым бағыттарымен үйлеседі және Қазақстан Республикасы «Ғылым қоры» АҚ № 0227-17-ГК «Еуропалық зәйтүн өсіруді, өндіруді және өңдеуді ұйымдастыру» жобасы аясында орындалған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы ғылым мен тәжірибеге елеулі үлес қосады. Оның ғылыми және практикалық маңыздылығы ашылған – Қазақстанның оңтүстік аймақтарында еуропалық зәйтүн ағашын өсірудің жаңа қарқынды технологиясын ұсынумен, сондай-ақ суыққа төзімді Leccino, Frantoio және Arbequina сорттарының жергілікті климат жағдайларына бейімделу мүмкіндігін ғылыми тұрғыда негіздеумен айқындалады.

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Өзі жазу деңгейі: жоғары. Ізденуші Алимбекова Н.А.-ның диссертациялық жұмысы ғылыми-зерттеу талаптарына толық сәйкес келеді. Зерттеу мазмұны терең, логикалық құрылымы жүйелі және бірізді баяндалған. Қолданылған әдістер мен алынған нәтижелер зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сай келеді және өзара жақсы үйлесім тапқан. Ғылыми баяндау тілі нақты, түсінікті, стилі біркелкі сақталған. Бұл көрсеткіштер ізденушінің жұмысты өз бетінше орындағанын және оның ғылыми ойлау қабілеті мен зерттеушілік мәдениеті жоғары деңгейде қалыптасқанын дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген;	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі ғылыми тұрғыдан негізделген. Зерттеу тақырыбы қазіргі ауыл шаруашылығы саласының даму басымдықтарына сәйкес келеді. Қазақстанда зәйтүн өсіруге қолайлы жағдайлар жасау стратегиялық маңызды міндетке айналуы мүмкін. Зәйтүн ағашын жергілікті климаттық жағдайларға бейімделуі, заманауи ауыл шаруашылығы технологияларын енгізу және суық пен құрғақшылыққа төзімді сорттарды пайдалану жаңа ауыл шаруашылығы саласының дамуына және азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға ықпал етеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертацияның мазмұны зерттеу нысанын жан-жақты қамтып,

		1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	тақырыптың мәні мен мазмұнын толық айқындайды.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мазмұны зерттеу жұмысының ғылыми бағытына, мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен мазмұны өзара логикалық толық байланысқан. Зерттеу мақсаты, әдістемесі, нәтижелері және қорытындылары ғылыми талаптарға сай бірізді түрде баяндалған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған жаңа ғылыми шешімдер мен әдістер негізделіп, бұрыннан белгілі тәсілдермен салыстырмалы түрде бағаланған. Зерттеу барысында қолданылған әдістерге сыни талдау бар , олардың тиімділігі мен артықшылықтары ғылыми тұрғыдан дәлелденген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа. Алғаш рет зәйтүн сорттарының Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы топырақ-климаттық ерекшеліктерге төзімділігі, өсу кезеңдері, биометриялық көрсеткіштері, өнімділік әлеуеті, сондай-ақ сыртқы ортаға бейімделу механизмдері жан-жақты зерттелген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу нәтижесінде зәйтүн ағашын көбейту мен жерсіндірудің тиімділігін арттыратын

			жаңа әдістер мен агротехнологиялық тәсілдер әзірленген. Тамшылатып суару жүйесін енгізу және гумин мен гумат тыңайтқыштарын қолдану өсімдіктің морфологиялық даму көрсеткіштері мен жеміс өнімділігінің айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Сонымен қатар, қалемшелерді кальцийлі гумат ерітіндісімен өңдеудің тиімділігі алғаш рет зертханалық жағдайда дәлелденіп, оның өндірістік тұрғыдағы маңыздылығы айқындалды. Алынған нәтижелер Қазақстан жағдайында еуропалық зәйтүн ағашын өсірудің ғылыми негізделген технологиясын қалыптастыруға мүмкіндік берді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық, экономикалық және басқарушылық шешімдер ғылыми зерттеу нәтижелеріне толық негізделген және толығымен жаңа. Бұл шешімдер қазіргі агротехнологиялар мен өндірістік тәжірибеде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін инновациялық бағыттар ретінде ұсынылған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияда барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан толық дәлелденген және алынған нәтижелермен жан-жақты негізделген.
7.	Қорғауға	Әрбір ереже бойынша келесі	7.1 Қорғауға ұсынылған

	шығарылған негізгі ережелер	сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақалада ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	қағидаттар мен ережелер 1) толық дәлелденді. 2) зерттеу нәтижелері тривиалды емес 7.3 Ия. Ұсынылған қағидаттар мен тәсілдер ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді. 7.4 Жұмыстың нәтижелері кең қолдану деңгейіне ие және тәжірибеде пайдалануға бейім. 7.5 Ия, диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары ғылыми мақаларда дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістемені таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Ия, зерттеу әдістемесі нақты сипатталып, ғылыми тұрғыда негізделген. Жұмыста агротехникалық, фенологиялық және биометриялық әдістер кешені тиімді пайдаланылып, алынған нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігі толық қамтамасыз етілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен	Ия, диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы, ғылыми

		деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Ия, теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар педагогикалық эксперимент нәтижесінде дәлелденіп, олардың ғылыми негізділігі мен практикалық құндылығы расталды: эксперименттік жұмыс барысында ұсынылған әдістемелердің тиімділігі анықталды; зерттеу нәтижелері білім алушылардың оқу жетістіктеріне оң әсерін тигізетіні дәлелденді; жасалған модельдер педагогикалық процесті ұйымдастырудың жаңа бағыттарын айқындады.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтімілермен расталған /ішінара расталған/ расталмаған.	Зерттеу барысында келтірілген маңызды мәлімдемелер мен теориялық тұжырымдар нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Ия, пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9.	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Ия, диссертацияның теориялық маңызы бар. Еуропалық зәйтүннің (<i>Olea europaea</i> L.) сорттарын Қазақстан жағдайында бейімдеп өсірудің ғылыми негіздері анықталып, агробиологиялық ерекшеліктері мен өсіру заңдылықтары жүйеленген.
		9.2 Диссертацияның	Ия, диссертацияның

		практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	практикалық маңызы Еуропалық зәйтүн (<i>Olea europaea</i> L.) сорттарын Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде бейімдеп өсірудің тиімді тәсілдерін айқындауында көрініс табады. Алынған нәтижелерді зәйтүн ағаштарын өсіру және көбейту технологияларын жетілдіруде, сондай-ақ агроөнеркәсіптік тәжірибелер мен оқу процесінде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу барысында алғаш рет Еуропалық зәйтүннің (<i>Olea europaea</i> L.) Frantoio, Leccino және Arbequina сорттарын Оңтүстік Қазақстанның топырақ-климаттық жағдайларына бейімдеп өсірудің тиімді агротехнологиясы әзірленген.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Диссертациялық жұмыс ғылыми стиль нормаларына толық сәйкес келеді, мәтін мазмұны бірізді және дәл баяндалған, пайдаланылған терминдер мен ұғымдар нақты анықталған, ал ғылыми тілдің тазалығы мен дәлдігі сақталған.
11.	Диссертацияға ескертулер	1. Диссертациялық жұмыстың қортындысында зерттеуге алынған <i>Olea europaea</i> L. ағашының Frantoio, Leccino және Arbequina сорттарының қайсысы оңтүстік Қазақстанның климаттық жағдайына бейімделуі жоғары және қай технологияны ұсынылатыны көрсетілмеген. 2. Диссертациялық жұмыста зәйтүн сорттарын көбейту тәсілдерінде автор қалемшемен және тұқыммен көбейту тәсілдерін салыстырған. Қалемше арқылы көбейту (вегетативті әдіс) ең кең таралған және тиімді әдіс —	

		сұрыптық қасиеттерін толық сақтайды, тұқым арқылы көбейту сирек қолданылады, көбіне селекциялық жұмыстар немесе түп (телітуші) өсіру үшін пайдаланылады. Сондықтан дәстүрлі көбейту әдістерін зерттеуге алу керек еді. Сонымен қатар, диссертацияда талдау барысында стилистикалық қателер кеткен, кейбір бөлімдерде ғылыми стильден ауытқулар мен қайталанулар кездеседі. Дегенмен, бұл ескертулер зерттеу жұмысының мазмұнына, ғылыми жаңалығына және маңыздылығына кері әсерін тигізбейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді	Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша негізгі нәтижелері 8 ғылыми еңбекте жарияланды, 3 мақала - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 5 мақала - халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинағында, 1 мақала Scopus деректер қорына кіретін Eurasian Journal of Soil Science ғылыми журналында жарияланды.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Докторант Алимбекова Нургул Аманбаевнаның 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Зәйтүн (Olea europaea L.) ағашын Оңтүстік Қазақстан жағдайында бейімдеу және өсіру технологиясы» тақырыбына жазылған диссертациясы жоғары дәрежедегі ғылыми еңбек. Ресми рецензенттің шешімі: Диссертациялық жұмысқа жоғары баға беруге болады, ал оның авторы 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, ҚР ҰАҒА академигі, қауымдастырылған профессор



С.Ж. Казыбаева

Handwritten signature of S. Zh. Kazymbaeva
Handwritten text: "Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" ЖШС, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, ҚР ҰАҒА академигі, қауымдастырылған профессор
Official blue circular stamp of the Scientific Center for Fruit and Vegetable Breeding and Production of the Institute of Agriculture and Forestry of the Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan.